

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожасметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеишова – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_329-339

FTAMP 03.20.00

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)

А.С. Шакиева* 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан, Астана.

*Автор-корреспондент

E-mail: aisaule_10@mail.ru (Шакиева).

Аңдатпа. Мақалада Жошы Ұлысының кеңестік және қазіргі тарихнамасына өзара салыстырмалық талдау жасалған. Оның ішінде, 1983 жылғы «Қазақ ССР тарихы» мен 1998 жылғы «Қазақстан тарихы» еңбектеріне баса назар аударылып, ортағасырлық мемлекеттің тарихының зерттелу деңгейі қарастырылды. Сондай-ақ, мақалада академиялық басылымдардың ерекшеліктері мен өзгерістері айқындалды. Мәселен, тәуелсіздік жылдарында жарық көрген «Қазақстан тарихы» еңбегінде Жошы Ұлысының тарихын зерттеуде жаңа тұжырымдамалық өзгеріс орын алды. Бұл бізге жаңа көзқарастың қалыптасу эволюциясын көрсетіп бере алды. Осылайша аталмыш тақырыптың академиялық ортада талқыланып, мемлекеттік дәрежеге көтерілу кезеңін қарастыра алдық. Назар аударатын жағдай, Отан тарихындағы кеңестік тұжырымнан арылу оңай болған жоқ, ұзақ уақыт бойы тарихи еңбектер авторлары жаңа ұстанымды толық дамыта алмады. Осы үдерістерді баяндау мақаланың негізі мақсаты мен міндеті болып табылды. Жұмыста Жошы Ұлысы тарихына қатысты жаңа пікірлер мен көзқарастар кешенді талқыланды.

Түйін сөздер. Қазақ ССР тарихы, Қазақстан тарихы, Жошы Ұлысы, Ақ Орда, моңғол шапқыншылығы, Ұлы Ұлыс.

МРНТИ 03.20.00

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА: СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)

А.С. Шакиева*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана.

Корреспондирующий автор

E-mail: aisaule_10@mail.ru (Шакиева).

Аннотация. В статье сравнивается степень изученности истории Улуса Джучи, изложенной в произведениях «История Казахской ССР» (1988 г.), изданных в советский период, а также «История Казахстана» (1998 г.), впервые изданных после обретения независимости Республики Казахстан. В академическом издании (1983) был сформирован советская концепция к изучению истории Улуса Джучи, к тому же было выявлено, что содержания темы не было изменено после обретения независимости. Анализируя научные труды, автор выявил сходство между академическими изданиями, и ввел новый набор исторических данных в работы по труду «История Казахстана». Обсудив упомянутую тему в академической среде, а затем проанализировав ее до выдвижения на государственный уровень, он провел комплексную экспертизу. Стоит отметить, что при изучении истории Улуса Джучи твердо утвердился советский вывод при рассмотрении этого вопроса. В работе описывается комплекс теоретических представлений, связанных с историей Золотой Орды, путем сопоставления двух академических публикаций.

Ключевые слова. История Казахской ССР, история Казахстана, Улус Джучи, Ак Орда, монгольское нашествие, Улык Улус.

IRSTI 03.20.00

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND: THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS)

A. Shakiyeva*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana.

*Correspondent author

E-mail: aisaule_10@mail.ru (Shakiyeva).

Abstract. The article compares the degree of study of the history of the Ulus of Jochi, described in the works "History of the Kazakh SSR" (1988), published during the Soviet period, as well as "History of Kazakhstan" (1998), first published during the years of independence. In this work, the Soviet concept for the study of the history of the Ulus of Jochi was formed, moreover, it was revealed that the content of the topic was not changed after independence. Analyzing scientific works, the author revealed similarities between academic publications and introduced a new set of historical data into works published during the years of independence. After discussing the mentioned topic in the academic environment, and then analyzing it before being nominated to the state level, he conducted a comprehensive examination. It is worth noting that when studying the history of the Jochi Ulus, the Soviet conclusion was firmly established when considering this issue. The paper describes a set of theoretical concepts related to the history of the Golden Horde by comparing two academic publications.

Key words: History of the Kazakh SSR, Jochi Ulus, history of Kazakhstan, AK Horde, Mongol invasion, the Ulyk Ulys.

Кіріспе. Кеңестік кезеңде Қазақстан тарихының зерттелуі орталық биліктің жіті бақылауында болып, коммунистік саясатты насихаттауға негізделді. Кейінірек, ел тәуелсіздік алған кезде, тарихшылар тарихи оқиғаларға байланысты жаңа көзқарастар мен тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік алды. Бұл тұрғыда алдыңғы кезекте отандық тарихтың көшбасында тұрған, тарихшы қауымына бағыт-бағдар беретін көптомды академиялық басылымдар ерекше роль атқарады. Сондықтан да мақаламызда кеңестік кезеңде және еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жазылған көптомдықтардағы белгілі бір тақырыптарды талқылаймыз. Әрине, айта кету керек екі академиялық көптомдықта ел тарихының кейбір қырлары сәйкес келеді, әсіресе ерте және орта ғасырлар тарихы, нақтырақ айтқанда Жошы Ұлысы тарихының жазылуында ұқсастықтар бар. Қазақстанның толық тарихы бойынша екі басылымның жарияланған уақыттары да маңызды кезеңдерге сай келді, алғашқысы Кеңес өкіметі жылдарындағы «тоқырау» жылдарында жазылса, ал екіншісі – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрді.

Жошы Ұлысы тақырыбы еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа қырынан ашыла бастады. Айта кету керек, көптеген жылдар бойы Отан тарихында Жошы Ұлысы тақырыбын жазуда ескі, кеңестік тұжырымдамаларды қолданумен келді. Сол себепті отандық зерттеушілерге үйреншікті кеңестік мектептердің тәжірибесі көпке дейін жақын болды. Тарихи фактілерді түсіндіруде көбіне сол кезеңнің ғалымдардың жұмыстарына жүгініп жүрді. Алайда, соңғы уақытта бұл тақырып мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, отан ғалымдары қызығушылық таныта бастады, жаңа тұжырымдамалар мен өзгерістердің бастамасына алып келді.

Сол себепті біздің тақырыбымызға қатысты тарихи оқиғаларды түсіндірудің жаңа жолдарын іздеудің әрекеттері сәтті болып жатыр, өйткені қазіргі кезде бұл тақырып ел тарихында айтарлықтай өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақала жазу барысында салыстырмалы-тарихи, хронологиялық тәсілдер қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдісінің көмегімен кеңестік кезеңдегі «Қазақ ССР

тарихы» мен тәуелсіздік алғашқы жылдары шыққан алғашқы «Қазақстан тарихы» еңбектеріндегі Жошы Ұлысы тарихының зерттелуіне талдау жасалды. Аталған методологиялық тәсілдің көмегімен мақаланың маңыздылығы, мазмұны ашылады. Хронологиялық тәсілді қолдану арқылы тақырыпты баяндауда кезеңдік реттілікті ұстануға, тарихнамалық білімді тереңдетуге, тарихи жүйені сақтауға мүмкіндік береді. Тарихи дәуірдің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жаңсақ тұжырымдардан алшақ болуға жол ашады.

Талқылау. Тәуелсіздік жылдарындағы тарихнамада академиялық басылымдар туралы жазылған еңбектер бар. Кеңестік кезеңде жарық көрген, оның ішінде 1943 жылғы «Қазақ ССР тарихы» академиялық басылымы бойынша қазақстандық тарихнамада көптеген мақалалар мен монографиялар жазылды. Олардың ішінде қазақстандық тарихшылардың еңбектерін атап өткен жөн, мысалы, С.Ф. Мәжитов (Мәжитов, 2005), А.Т. Қапаев (Капаева, 2015), Ж.М. Сабитов (Сабитов, 2015), М.О. Абсеметов (Абсеметов, 2016), Қ. Ерiмбетова (Ерiмбетова, 2016). Авторлардың еңбектерінде академик А.М. Панкратованың, ғалым Е.Б. Бекмахановтың ғылыми қызметі, соның ішінде академиялық басылымды құрастыру мәселелері талданған. Монографиялар ғылыми биоисториография жанрында жазылған. Бірақ бұл жұмыстарда Жошы Ұлысының тарихына қарастырылмағанымен, Қазақ ССР академиялық тарихын құрастырудағы ғылыми ұжымның қызметі жалпылама көрсетілді. Ал Н. Дүйсенованың диссертациясында (Дюсенова, 2006) 1940-1950 жылдардағы кеңестік зерттеушілердің тағдыры, олардың Қазақстан КП (б) ОК шығарған қаулыларымен сәйкес келмеген ғылыми мүдделері зерттелді.

Сонымен қатар, Жошы Ұлысы тарихына байланысты көптеген диссертациялар да қорғалды. Оның ішінде, Қ.З. Ускенбайдың (Ускенбай, 2002), А.К. Кушкумбаевтың (Кушкумбаев, 2010) диссертацияларын айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі тарихының зерттелуі, жинақталуы Кеңес өкіметінің тұсында басталды. Қазақ тарихы ғылымындағы алғашқы көлемді еңбек Ұлы Отан соғысы уақытында, яғни 1943 жылы Алматыға көшіріліп әкелген КСРО ҒА тарих институтының мамандары мен А.М. Панкратованың бастамасымен жарық көрді. «Қазақ ССР тарихы» Кеңес Одағындағы алғашқы ғылыми жұмыс болды. Аталмыш еңбек ежелгі дәуірден 1943 жылға дейінгі кезеңдерді қамтыды. Бұл академиялық басылымды шығаруда А. Баевский, Е. Бекмаханов, А. Бернштам, М. Вяткин, Б. Греков, Н. Дружинин, Н. Тимофеев, А. Якунин, М. Әуезов, Е. Исмаилов, С. Мұқанов және т.б. еңбек етті. Аталмыш еңбек біртұтас Отанды қорғауда барлық ресурстарды жұмылдыру ісіне ұжымдық үлес ретінде болды, өйткені оның мазмұндық бөлігі республика азаматтарының жауынгерлік рухын көтеруге бағытталды. Соғыстың қиын уақытында, идеологиялық қысым мен көптеген мәселелердің қарама-қайшылығы жағдайында мұндай жұмыс үлкен маңызға ие болды. Осы ұжыммен жазылған «Қазақ ССР тарихы» екі ай бойы Қазақстан КП (б) ОК насихат және үгіт бөлімі жанынан ұйымдастырылған арнайы редакциялық кеңестерде мұқият және жан-жақты талқыланды. Осындай талқылауларда Қазақ хандығының құрылуы, Сырым Датұлының және Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістер, Жошы Ұлысы тақырыптары кереғар пікірлер туғызып, аталған мәселелер коммунистік партияның идеологиясына сай келмейтіні және тек біржақты зерттелгені туралы пікірлер айтылды. «Қазақ ССР» тарихы еңбегінде марксизм-ленинизм классиктерінің нұсқауларына сүйене отырып, қазақ халқы басқалар сияқты жергілікті тайпалардың бірігуі арқылы қалыптасқаны көрсетілген. Кітаптың мазмұнында алғаш рет Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауынан жаулап алуға негізделген феодалдық мемлекеттерге дейінгі кезең көрсетілді. Авторлар Қазақ хандығының құрылу тарихын Қазақстан аумағындағы феодалдық қатынастардың қалыптасу процесімен байланыстырды. Жошы Ұлысының саяси ыдырауы барысында XV ғасырда Қазақ хандығы қалыптасты деседі. Жаңа тарихи деректер негізінде бұл процесте «Ақ Орданың» ерекше рөлі көрсетілген.

Жалпы алғанда, Қазақ ССР тарихы еңбегінде «моңғол шапқыншылығы» Қазақстан тарихындағы, жалпы Еуразия тарихындағы тағы бір маңызды кезең; осы кезеңде Қазақстан аумағы Шыңғыс ханның, одан кейін оның мұрагерлерінің орасан зор империясының құрамына кірді деген ақпарат келтіріледі. Моңғолдардың жаулап алу тарихы революцияға дейінгі

парадигма аясында да зерттелді: монғолдар, сонымен бірге жанама түрде оларға қосылған кейбір түркі тайпалары – Киев Русінің ыдырауынан кейін пайда болған өркениетті славян-орыс мемлекеттерін жойған «жабайы орда» ретінде қарастырылды. Орыс халқын варварлық қамыттан босату одан әрі экономикалық және мәдени прогресті қамтамасыз етті деген пікірде болды. Сол себепті, кеңестік кезеңде қазақ және орыс халықтарының ынтымақтастығы барлық жерде атап өтілді.

1945 жылы «Большевик» партиясының бас баспа журналында жарияланған М. Морозовтың «Қазақ ССР тарихы туралы» рецензиясы Қазақ ССР тарихына қарсы шығу науқанының басталуын белгіледі (Морозов, 1945:74). Айта кететін жайт, рецензент бастапқыда «Қазақ ССР тарихының» оң жақтарын атап өтеді: «Қазақ халқының тарихы бойынша еңбекті жазу алғаш рет қолға алынып отыр. Рецензияланған кітап – бұл кеңестік Шығыс халықтарының бірінің тарихын жүйелі марксистік жариялаудың алғашқы әрекеті. Бұл оның ерекше ғылыми қызығушылығын анықтады және авторлық ұжым мен редакторларға ерекше жауапкершілік жүктеді. Авторлар дереккөздермен аз жұмыс істеген жоқ, бұрын зерттелмеген үлкен деректі материалдар жинап, Қазақстан тарихы бойынша ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі нақты деректерді жүйелеуге талпыныс жасады» (Морозов, 1945:78). Бірақ содан кейін М.Морозов еңбектің мазмұнын қатты сынға алды, жұмыстың барлық жағымды жақтарына қарамастан, оны құрастырушылар жалпы қазақ халқының тарихына марксистік түсінік бермегенін, Қазақстан тарихының көптеген маңызды мәселелерін баяндауда қателіктер жібергенін атап өтті.

М. Морозовтың «Қазақ ССР тарихы» еңбегіне жазған сыни пікірінен кейін республикалық және одақтық басылымдарда осындай мақалалардың шығуына өзіндік серпін берді. Сондықтан орталық билік «Қазақ ССР тарихы» еңбегіндегі барлық ескертулерді назарға ала отырып, екінші басылымды дайындауды тапсырды. Осылайша, қазақстандық тарихшылардың алдына үлкен ғылыми міндет қойылды – «Қазақ ССР тарихы» бірінші басылымының барлық даулы сәттерін қысқа мерзімде қайта қарау және екінші басылымды әзірлеуге кірісу.

Алғашқы кеңестік дәуірде жарыққа шыққан академиялық басылымда авторларға еркіндік берілгендіктен Жошы Ұлысы тарихы барынша марксизмдік ілімнен алшақ болуы байқалады. Алайды, соғыстың аяқталуымен кеңестік билік қайта барлық жүйені бақылауына алуына байланысты, 1945 жылы 14 тамызда Орталық Комитеттің отырысында кітаптың бірінші басылымында жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді жою туралы шешім қабылданды. Талқылауға бюро мүшелері М. Абдыкалыков, С. Огольцов, Ж. Шаяхметов, М. Шахшин, А. Яковлев және т.б. қатысты. Қазақ ССР тарихына қатысты жарияланған қаулы партиялық ұжымның басты идеологиялық міндеттері болып есептелінді (АПРК, 708:1). Осылайша, Жошы Ұлысы тарихы жазылуы үрдісінде біршама өзгерістер орын алды. Сондай-ақ, кеңестік тұжырымның қалыптасуының алғашқы қадамдары ретінде санауға болады.

Нәтижесінде, 1949 жылы И.О. Омаров пен А.М. Панкратованың редакциясымен «Қазақ ССР тарихы» (түзетілген және толықтырылған) екінші басылымы жарық көрді.

Айта кететін жайт, «Қазақ ССР тарихы» еңбегі туралы көптеген сыни пікірлердің болуы, аталған кітапты жазуға атсалысқан авторлардың зерттеген тақырыптары марксистік идеологияға қарсы келеді деп оларды қуғынға ұшыратты. Мұндай қуғын-сүргіннің басталуына 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде Т. Шоинбаевтың, Х. Айдарованың, А. Якуниннің «Қазақстан тарихы мәселелерін марксистік-лениндік жария еткені үшін» мақаласы түрткі болды. Онда, атап айтқанда, «Кеңес тарихшылары ұлттық қозғалыстардың тарихын терең және шынайы түрде жариялауға шақырады. Бұл тарихи фактілерге марксистік-лениндік ұстанымдармен жақындауды білдіреді. Өкінішке орай, көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары осы талаптарға сай емес. Атап айтқанда, тарихи фактілерді бұрмалауға алып келетін елеулі әдіснамалық қателіктерге Қазақстан тарихы жөніндегі кейбір кітаптар зардап шегуде» (Шоинбаев және т.б., 1950). Осылайша, аталған мақала «Қазақ ССР тарихы» еңбегіндегі Жошы Ұлысы тарихының жазылуы шарттарына өзіндік әсер етті. Жалпы алғанда, 1950-ші жылдары тарихшы ғалымдар негізгі жұмысты «Қазақ ССР тарихы» атты екі томдық жаңа басылымды дайындау бойынша жүргізді. Бірінші том 1957 жылы жарық көрді, онда Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихы бойынша зерттеулердің негізгі нәтижелері жинақталды, қателер

ескерілді және түзетілді, бұрынғы шығарылымдардың олқылықтары толтырылды, Қазақстан тарихын кезеңдестіру мәселелері жаңаша әзірленді, атап айтқанда, Қазақстан аумағында феодалдық формацияның қалыптасу уақыты VI-VII ғғ. (Түрік қағанаты уақыты) жатқызылды. Кейінгі орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының негізгі мәселелері бойынша авторлық ұжымның арасында көрнекті ғалымдар: Н.Г. Аполлова, М.О. Әуезов, Г.Ф. Дахшлейгер, А.Х. Марғұлан, В.Ф. Шахматов және т.б. болды.

«Қазақстан моңғол үстемдігі кезеңінде» тарауында төмендегідей мәселелер қамтылды: моңғол империясының құрылуы; моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияға басып кіруі; халық республикаларының жаулап алушыларға қарсы күресі; моңғол жаулап алуының реакциялық сипаты; Алтын Орданың құрылуы; моңғолдардың билігіндегі Қазақстан тайпалары мен ұлыстарының жағдайы; орыс және басқа халықтардың моңғол империясы және оның қорғандарына қарсы күресі. Бұл еңбекте «моңғол шапқыншылығы» жаулап алынған халықтардың, соның ішінде Қазақстан аумағында өмір сүрген халықтардың шаруашылығы мен мәдениетіне үлкен залал келтіргені ретінде бағаланды. Аталған тұжырымдама әрі қарай Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде көрініс тапты. Осы тарауда авторлар «моңғол» терминіне анықтама берген, бұған дейін академиялық басылымдардың ешқайсысында жазылмаған. Осылайша, бұл анықтама келесі академиялық басылымдардың мазмұнында кездесе береді.

Осылайша, 1940-1950 жж. партиялық құжаттарда Қазақ КСР тарих ғылымының бірыңғай кеңестік идеологиясы қалыптасты, әсіресе бұл орта ғасыр тарихын зерттеуге әсер етті. 1983 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының бастамасымен «Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекті шығаруды С.Б. Бәйішев, С.Б. Бейсембаев, Г.Ф. Дахшлейгер, І.К. Кеңесбаев, Ә.Х. Марғұлан, Ғ.М. Мүсірепов, А.Н. Нүсіпбеков, Б.С. Сүлейменов, Б.А.Төлепбаев еңбек етті. Аталған жұмыстың «Феодалдық қатынастардың дамуы. Қазақ халқы мен Қазақ хандығының құрылуы» атты екінші томдағы «Қазақстан моңғолдардың билігінде» деген бесінші тарауда Жошы Ұлысы тарихы жазылды.

Академиялық басылымда Жошы Ұлысы тарихына қатысты келесідей мәселелер қарастырылды: моңғол мемлекетінің құрылуы; моңғолдар Қазақстанда; ұлыстардың құрылуы; Шағатай ұлысы; Шағатай мемлекеті; Жошы Ұлысы. Қазақстан Алтын Орданың құрамында және т.б. Академиялық басылым кеңес тарихшыларының жұмыстарына сілтеме жасай отырып, моңғол шапқыншылығының Қазақстан мен Орталық Азия территориясына жасаған зардаптары туралы айтылды. Мәселен, «жаулап алу зардаптары» атты тарауында келесідей теріс баға берілген: «Шыңғыс-хан әскерлерінің басқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ең ауыр апат болды; ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси, әлеуметтік және этникалық дамуын ұзақ уақыт тоқыратты. Орасан зор регионның экономикасы құлдырап кетті» (Қазақ КСР тарихы, 1983:142).

Моңғол шапқыншылығының зардаптары атай келе, келесідей мәселелер көтерілді: қалалардың қирауы, Жетісуда шаруашылықтың құлдырауы, моңғолдардың жаулап алуының әлеуметтік зардаптары. Сондай-ақ, авторлар моңғол шапқыншылығының әлеуметтік зардаптарын баяндауда, келесі пікірді ұстануы байқалады: «Моңғолдардың жаулап алуы шаруашылықтың жайына ғана кері әсерін тигізіп қойған жоқ, ол қоғамдық дамуды да тежеді, мұнымен қоймай жаулап алынған елдердің, оның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымында елеулі регресс туғызды» (Қазақ КСР тарихы, 1983:149). Негізінен, бұл академиялық басылымда ортағасырлық деректерді пайдаланғандықтан, «Алтын Орда» атауының шығу тарихы жайлы мәлімет келтірілген. «Алтын Орда» термині кейіннен шыққан. Орыс жылнамашылары Батый негізін қалаған мемлекетке қатысты «татарларға», «татарлардан», «Батыйға» деген сөзді қолданады. XV-XVI ғасырлардағы жылнама жинақтарында неғұрлым ежелгі документтердегі бұрынғы сөздердің орнына «Орда» термині берік орнығады. «Алтын Орда» деген ат орыс деректемелерінде алғаш рет тек XVI ғасырдың аяғында ғана кездеседі, оның алғаш пайдалану жағдайы Сарай қаласын – Батыйдың астанасын атауға байланысты қолданылған» (Қазақ ССР тарихы, 1983:132). Осылайша, Рашид ад-динның «Сборник летописей» еңбегіне сілтеме жасай келе, зерттеушілер «Алтын Орда» ұғымының шығуын моңғол ханының ордасымен, сән-

салтанатты киіз үйіне байланысты пайда болды деп есептейді. Келтірілген дерек, бірінші және екінші «Қазақ ССР тарихы» академиялық басылымында толыққанды көрсетілмеген, сол себепті бұл мәлімет барынша толықтырылған. Сонымен қатар, соңғы академиялық басылымда алғаш рет «Жошы Ұлысы» атауы қолдана бастайды.

Кеңестік тұжырыммен жазылса да, академиялық басылымның жағымды тұстары да бар. Соның ішінде, Жошы Ұлысы тарихын баяндауда мәліметтер қорының көптігі байқалады. Сонымен қатар, Батый ханнан бастап Өзбек ханға дейінгі билеуші таптың қысқаша тарихи баяндама келтірілген. Өйткені, аталған мәліметтер бірінші және екінші академиялық басылымда кездеспеді. Авторлар Рашид ад-дин, Бартольд В.В., Махмуд ибн Вали, Абдаллах бен Мухаммед бен Али Насраллахи. Абулгази және т.б. жұмыстарына сілтеме бере отырып жазды. «Қазақ ССР тарихы» еңбегінде моңғолдардың Қазақстан жерін жаулап алу тарихын баяндай келе, Шыңғысханның балаларына бөліп берген ұлыстарды сипаттап, оның ішінде ерекше Жошы ұлысына тоқталады. Жошы ұлысының алып жатқан территориясын сипаттай келе, Алтын Орда мемлекетінің саяси және мемлекеттік құрылысын талдайды.

Зерттеушілер коммунистік идеология тұрғысынан моңғолдардың шапқыншылығы жаулап алған жерлерде құлдырауға әкелді деген пікірді ұстанады. Мәселен, «Француз королі IX Людовиктің моңғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі Рубрук моңғол шапқыншылығынан кейін отыз жылдан астам уақыт өткен соң, 1253-1255 жылдары Қазақстан территориясы арқылы өтіп бара жатып, егіншілік егісінің бұзылғандығы туралы, Жетісу қалаларының, ішінде Іле аңғарындағы қалалардың ғайып болғандығы туралы алғашқылардың бірі болып, дәлелдемелер қалдырып кеткен. Ол былай деп жазған: «Біз оң жағын биік тау қоршаған, ал сол жағында айналасы 25 күншілік теңіз бе, әлде көл ме, шалқып жатқан өте әсем жазықпен жүрдік. Бұл жазық таудан басталып, әлгі аталған теңізге келіп құйып жатқан сумен түгелдей тамаша суландырылған. Жазда бұл теңіздің солтүстік беткейі арқылы қайттық, бұл беткей де таулы болып келеді. Жоғарыда аталған жазықта бұрын көп қала болған, бірақ олардың көпшілігін өздерінің малын бағуға жағдай жасау үшін татарлар (моңғолдар) қиратып жіберген, өйткені онда ең тамаша жайылымдар болған еді» (Қазақ ССР тарихы, 1983:144).

Сондай-ақ, шапқыншылықтың салдарынан шаруашылықтың құлдырап, нәтижесінде бұрын отырықшы-егіншілік мәдениеті дамыған моңғолдарға дейінгі уақытта 200-ге тарта елді мекен болған бұл ауданда XIII-XIV ғасырларда жиырмадан аспайтын шағын қоныстар ғана қалған делінеді (Қазақ ССР тарихы, 1983:148).

«Қазақ ССР тарихы» атты еңбегінде Ақ Орда мемлекетінің тарихтағы орны, оның Алтын Орда мемлекетімен өзара байланысы жайлы айтылған. «Ақ Орда –моңғол шапқыншылығынан кейін кезеңде Қазақстан территориясындағы жергілікті этникалық негіздегі алғашқы ірі мемлекеттік құрылыс» (Қазақ ССР тарихы, 1983:157) деп айтылған. С.П. Толстова, Т.И. Султанов сынды сол кезеңнің тарихшылары кейбір ортағасырлық деректерді, соның ішінде Му`ин ад дин Натанзидің келесі мәліметін: «Жошы ұлысының сол қанатына жатқызылып келген Орда-Еженнің ұрпақтары Ақ Орда сұлтандары деп аталғаны туралы» қате деп есептеді (Қазақ ССР тарихы, 1983:155). Бұл зерттеушілердің пікірінше, Орда-Ежен мен оның ұрпақтарының иелігіне «Көк Орда» атауы жатқан, ал «Ақ Орда» деп Бату хан ұрпақтарының иелігі, яғни «Алтын Орда» деп аталған. Сондай-ақ, бұл еңбекте И.Н. Березинның «Ярлық хана Золотой Орды Тохтамышқа польскому королю Ягайлу» атты жұмысына сілтеме жасай отырып, «Ұлы Ұлыс» терминінің шығу тарихымен бөліседі. Мәселен, анықтамалардың бірінде келесі жолдар келтірілді: «Тохтамыстың Ягайлоға жазған хатының орысша мазмұнамасында «Ұлы Ұлыс» – «Тохтамыс мемлекеті» мағынасында – Ақ Орда деп аталған. Бірақ түпнұсқада «Ақ Орда» атауы жоқ, тек Ұлы Ұлыс сөзі ғана бар» (Березин, 1850).

Айта кету керек, 1983 жылы жарыққа шыққан «Қазақ ССР тарихы» еңбегі 1943, 1949, 1957 жылдары жарияланған академиялық басылымнан айырмашылығы байқалады. Бұл жерде кеңестік билік осы уақытқа дейін қалыптастыруға ұмтылған тұжырымдар нақты орнығып, бұрынғы басылымдардағы «саяси кемшіліктер» жойылды. Яғни, кеңестік идеология мен тұжырым осы басылымда ерекше көрінеді. Сонымен қатар, Жошы Ұлысы тарихын баяндауда

мәліметтер қоры жеткілікті деуге болады, алайда моңғол шапқыншылығына деген теріс пікірдің әлі де сақталғанына көз жеткізуге болады.

Қазақстан тарихына деген қызығушылық еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін зерттеушілер өткенді қайта құруға кірісіп, тарихымыздағы ақтандақтарды ашу мәселесі бойынша артты. Осы мақсатты барлық посткеңестік мемлекеттер көздеді, көбінесе өткенді түбегейлі қайта жазуға кірісті. Тәуелсіздік алған соң 1998 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты мен Ә. Марғұлан атындағы археология институтының бірлесуімен «Қазақстан тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін)» бес томдығы жарияланды. Бұл еңбекті жариялауға М.Х. Асылбеков, Қ.С. Алдажұманов, К.М. Байпақов, О.И. Исмағұлов, М.Қ. Қозыбаев, А.Қ. Қошанов, М.А. Құл-Мұхаммед, Б.Е. Көмеков, К.Н. Нұрпейісов, Ю.И. Романов, К.Ә. Сағадиев еңбек етті. Осы еңбектің екінші томында «Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ мемлекетінің құрылуы мен дамуы» атты бөлімінде Жошы Ұлысының тарихы жазылған. Бұл тарауда келесі мәселелер қарастырылды: ұлыстардың құрылуы, Шағатай Ұлысы, Жошы Ұлысы. Қазақстан Алтын Орда құрамында, саяси мемлекеттік құрылысы, құрылтай, ұлыстардың мемлекеттік-өкімшілік құрылысы, жаулап алу зардаптары және т.б.

Еңбекте Жошы Ұлысының тарихы кеңестік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жазылғанын айтып өтуіміз керек. Соның ішінде, В.Л. Егоров, В.П. Юдин, Т.И. Сұлтанов, Г.А. Федоров-Давыдов, К.А. Пищулина және т.б. Сонымен қатар, ортағасырлық деректердің ішінде Му'ин ад-дин Натанзи Фарс өңірі билеушісінің парсы шежірешісі, Омар Шейхтың ұлы Тамерлан Искандердің немересі қалдырған деректерге сілтеме жасай келе, авторлар Жошы Ұлысының екі бөлігі «Ақ Орда» мен «Көк Орда» атауларының шығу тарихы жайлы жазылады. Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» деген шығаамасында географиялық және этникалық-саяси нақтылықтардың тізбесінде Сығанақ қаласын – «Ақ Орда» мен Қажы-Тарханға және басқа мекендерді «Көк Ордаға» қосқан (Қазақстан тарихы, 1998:113). Алайда, Му'ин ад-дин Натанзидың келтірілген мәліметтер кеңестік тұжырымнан алшақ болғандықтан, В.Л. Егоров, В.П. Юдин, Т.И. Сұлтанов бастаған бір топ ғалымдар қателік деп танып, сол қанатты (Орданың ұлысын) «Көк Орда» деп, ал оң қанатты «Ақ Орда» деп атай бастады (Қазақстан тарихы, 1998:113).

Бірақ, 1998 жылғы көптомдық Қазақстан тарихына жаңа тұжырымдамалық өзгеріс алып келді. «Қазақстан тарихы» еңбегінде алғаш рет «Ұлы Ұлыс» термині осы академиялық басылымда келтірілді. Мәселен, былай берілді: «Деректемелерде Жошы Ұлысының кейіннен орыс деректемелерінде «Алтын Орда» атауын алған бөлігіне «Ақ Орда» атауының қолданылуы іс жүзінде кездеспейді. Жоғарыда айтылғандай, шығыс деректемелерінде Жошы Ұлысының батыс бөлігі (оң қанат) билік еткен ханның есімімен (Бату ұлысы, Берке ұлысы, Өзбек ұлысы және т.б.) аталған. Орыс құжаттарында (жылнамаларында) ол әуелі суреттеме түрінде – «татарлар», сонан соң көбінесе – «мемлекет, держава» мағынасында «Орда», сондай-ақ «Ұлы Ұлыс» деп аталған. «Ұлы Ұлыс» деген бұл атау Қырым жарлықтарында, Тоқтамыстың Яғайлаға хатында айтылған; ол орыс мәтіндерінде «Белая Орда» деп қате аударылған. Түпнұсқада бұл мемлекеттің «Ақ Орда» деген атауы жоқ, «Ұлы Ұлыс» бар» (Қазақстан тарихы, 1998:116).

Сондай-ақ, еңбекте авторлар А.Ю. Якубовский, В.В. Бартольдтың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, «Ақ Орда» мен «Көк Орданы» Жошы Ұлысына орналастыру және оларды XIII-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақтағы мемлекеттік құрылымдарға жатқызу жөніндегі деректерді қате деп санайды. Отан тарихында жаңа тұжырымдаманы өзінің еңбегінде қолданушылардың бірі – Еркін Әбіл. Ғалым «История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до начала XX века» (Абиль, 2000) атты жұмысында «Ұлық Ұлыс» атауына қатысты мәліметтер берілген. Мәселен, «ресми құжаттарда бұл мемлекет «Ұлық Ұлыс – Ұлы Ұлыс» деп аталды. Шығыс деректерінде мемлекетті «Ақ Орда», ал орыс деректерінде – «Орда» немесе «Алтын Орда» (XV ғ. ерте емес) деген атау қолданды (Абиль, 2000: 67).

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында кейбір зерттеушілер «Қазақстан тарихы» еңбегіндегі тұжырымдаманы толыққанды қабылдай алмады. Ескі кеңестік тұжырымдамаға сүйенгендіктен, бір топ ғалымдар 2015 жылға дейін көбіне «Алтын Орда» терминін қолданып келді.

Алайда, жаңа тұжырымдаманы алға тартып «Жошы Ұлысы» терминін қатар қолданушы ғалымдарда кездесті. 2003 жылы К.З.Ускенбай «Восточный Дашт-и Кыпчак в составе Улуса Джучи в XIII – первой трети XV века. Аспекты политической истории Ак-Орды» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Тарихшы К.З. Ускенбай орыс деректерінде «Ұлық Ұлыс» (кейінгі Алтын Орда) «Ақ Орда» деп аталып келді деседі. Алайда, оның пікірінше қазақстандық шығыстанушылар орыс мәтіндеріндегі «Ұлық Ұлыс» термині «Ақ Орда» деп қате аударылды, шындығына келгенде «Ақ Орда» деген атауы бар мемлекет жоқ (Ускенбай, 2003:15). К.З. Ускенбай ғылыми жұмысында Жошы Ұлысы тарихын зерттеуінде басты деректердің бірі Му'ин ад-дин Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» шығармасын санайды. Себебі осы деректе келтірілген мәліметтер тарихи маңызы жоғары болғанымен, алайда ғылыми ортада көп жағдайда қатты сынға алынады. Сондықтан да, тарихшы аталған деректерде «Ақ Орда» мен «Көк Ордаға» қатысты материалдардың толық, әрі дұрыс деп есептейді (Ускенбай, 2003:15). Тарихшы Қ.З. Ускенбай жұмысының өзектілігін мәселенің осы уақытқа дейін отан тарихнамада толық зерттелмегендігімен байланыстырады. Осылайша, автор бұл жұмыста Жошы Ұлысы тарихы зерттеуде замануи көзқарас арқылы тақырыптың жаңашылдығын ашуға ұмтылды. Қ.З. Ускенбай тақырыпқа жан-жақты тарихнамалық талдау жасап, түрлі дерекнамалық материалдары салыстыра Н.Н. Мингуловтың пікірін дұрыс деп есептейді. Жошы Ұлысы тарихына қатысты Өтеміс-қажының «Шыңғыснама» жұмысын талдай келе «Ақ Орда», «Көк Орда» терминдерінің қолдануы жайлы мәліметтер алды. Мәселен, «Жошының үлкен ұлының иеліктері Ақ Орда, ал Жошының бесінші ұлы Шибанның иеліктері – Көк Орда деп аталды» (Ускенбай, 2003:16). Негізінен, автордың осы диссертацияны жазуда үлкен жұмыстардың атқарғаны көрінеді. Сол себепті, бұл атаулардың шығу тарихына қатысты бірнеше нұсқалармен бөлісті. Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» академиялық басылымында бастама алған жаңа тұжырым, автордың жұмысында да байқалады.

Ал, 2010 жылғы А.К. Кушкумбаев «История военного дела кочевников Золотой Орды XIII-XV вв.» (Кушкумбаев, 2010) диссертациясында ортағасырлық мемлекеттінің әскери жағдайын қарастырды. Жұмыста орта ғасырларда жанартылған әскери-әлеуметтік институттарды, қару-жарақ пен қару-жарақ заттарының жетілдірілген әскери арсеналын, соғысты жүзеге асырудың тактикалық-стратегиялық канондарын қамтитын түркі-моңғол көшпенділерінің әскери тыныс-тіршілігі көрсетілді. Тарихшы А.К. Кушкумбаев осы диссертациялық жұмысында «Алтын Орда» терминін жиі қолданғаны көрінеді. Жошы Ұлысы тарихына қатысты тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қорғалғанымен, ғылыми маңызы бар еңбек болып есептеледі.

Қазіргі айтылып жүрген, пікірлердің негізі 1998 жылғы академиялық басылымда айтылған тұжырымдамада жатыр. Себебі тәуелсіздік алғашқы жиырма жылдығында біздің тарихшылар бұл көзқарасты дамытып кете алмады. Алтын Орда тарихы өзгеріссіз қала берді. Жазылған диссертацияларда аз болды, бар еңбектер бұрынғы кеңестік кезеңдегі бағытта болды. Тақырыптың өзекті болуына Жошы Ұлысы тақырыбының күн тәртібіне шығуы ерекше әсер етті.

2014 жылы 24 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытауда берген сұхбатында қазақ халқы мен Жошы Ұлысы мемлекетінің тарихи сабақтастығын айқындаған еді. Осы сәттен бастап Жошы Ұлысының зерттелуі жаңа тұжырымдамалық өзгерістің бастамасына алып келді. Осылайша, мемлекеттік билік тарапынан қолдау тапқан бұл тақырып жаңа жүйелі түрде зерттеуді қажет етті. Сол себепті, арнаулы ғалымдардан құралған комиссияның көмегімен Жошы Ұлысы тарихының зерттелуінде жаңа қадам басталды.

Отан тарихындағы «Ұлық Ұлыс» тұжырымына деген бетбұрыс Жошы Ұлысы тарихы зерттеуде үлкен жетістіктердің бастамасы болып табылды.

2021 жылдың 28 қазан Жошы Ұлысының 750 жылдық мерейтойын тойлауға байланысты Атырау қаласында «Ұлық Ұлыс – Алтын Орда» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл іс-шараға отандық және Еуропа, Америка, Россия, Жапония, Түркия, Украина елдерінің зерттеушілер қатысты. Форумға қатысушыларды Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінде, «Алтын Орданың тарихы әлі де терең

зерттеуді қажет етеді. Әр түрлі себептерге байланысты біздің ата-бабамыздың ғасырлар бойғы кезеңі назардан тыс қалды. Еліміз егемендік алғаннан кейін ғана бұл кезеңнің орнын толтыра алды» (Золотая Орда, 2021). Сондай-ақ, ҚР білім министрі Асхат Аймағанбетов Жошы Ұлысының Қазақстан тарихында алар орны зор екенін айтты (Золотая Орда, 2021).

Осылайша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 27 қазан айында «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтын» құру туралы қаулысы қабылданды. Сондай-ақ, ҚР білім министрі Асхат Аймағанбетов Жошы Ұлысы тарихын зерттеуінде алда қойылған жоспарлармен бөлісті. Мәселен, «қазіргі уақытта Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты «Қазақстан тарихы» ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» атты академиялық басылым жазылу жоспарланады. Еңбектің үшінші томы Жошы Ұлысы тарихына арналған. Алтын Орданы зерттеуде нақты ғылыми революция болғанын атап өтті. Кешенді зерттеулердің нәтижелері бұрын назар аударылмаған өте маңызды тарихи аспектілерді қарастырады. Іс-шаралар империяның тарихи, мәдени және материалдық мұрасын жаңғыртуға бағытталған. Қазақстандық тарихшылар мен саясаттанушылар Алтын Орда мұрасына үндеу арқылы Қазақстан этностарының мемлекет құрушы қазақ халқының айналасына топтастырылған біртұтас азаматтық ұлтқа одан әрі интеграциялануына ықпал етеді» (Золотая Орда, 2021). Қазіргі таңда, «Алтын Орда тарихы» бойынша гранттар мен мақсатты бағдарламалық қаржыландыру аясында 15-ке жуық ғылыми жоба жүзеге асырылып жатыр. Сол себепті, ғалымдар Алтын Орданың этносаяси тарихын зерделеу және жаңа дереккөздерді аудару бойынша ғылыми бағдарламаны жүзеге асырып келеді. Қазақстандық тарихшылар мен саясаттанушылар Жошы Ұлысының мұрасына бет бұру арқылы Қазақстан Республикасын құрушы этностардың біртұтас азаматтық ұлтқа одан әрі интеграциялануына ықпал етеді, әрі құнды стратегиялық ресурс болады деген пікірмен толықтай келіседі.

Қорытынды. Осылайша, Жошы Ұлысы тарихы ұзақ уақыт бойы кеңестік биліктің ықпалында болғандықтан бұрмаланып келді. 1940-1950 жж. тарихи деректерінде Қазақ ССР ғылыми айналымында кеңестік тұжырымның қалыптасу кезеңі ретінде белгілі. Сол кезеңнің белгілі ғалымдары жалпы түркі халықтарының тарихын жазуда ат салып отырды. Сондай-ақ, билік тарапынан әрдайым бақылауда болғандықтан, «Қазақ ССР тарихы» академиялық басылымдар ғалымдардың пікір-талас отырыстарында талданып отырды. Сондықтан да, бірінші, екінші және соңғы академиялық басылымдарға түзетулер енгізілді.

Жалпы кеңестік тарихнамада кез-келген тарихи оқиғаны бағалау КОКП Орталық Комитетінде қалай түсіндірілгеніне байланысты болды. Осындай проблемалардың бірі Жошы Ұлысы тарихын баяндаумен байланысты. Осылай кеңестік тұжырым барша ғалымдардың ғылыми ізденістеріне тікелей әсер етіп қана қоймай, бірнеше ғасырға сол жүйенің сақталуына алып келді. Сондықтан да, 1983 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» толыққанды кеңестік идеология сай, осы уақытқа дейін жасалған ескертулер түзетіліп жазылған еңбек болып есептелінеді.

Егемендігімізді алған сәттен бастап жасалған алғашқы қадамымыздан алда күтетін үмітіміз мол болды. 1998 жылы жарық көрген академиялық басылымында ортағасырлық дәуірдегі Қазақстанның тарихы баяндалды. Тарихи қазынасы мол бұл еңбек отан тарихында үлкен бастамалардың бірі болды. Әсіресе, зерттеушілерге идеологиялық қысымда болған Жошы Ұлысы тарихын зерттеуге еркіндік берді. Қазақ тарихшылары осы мәселені қарастыруда кеңес зерттеушілердің еңбегіне сүйенгенімен, тарихи деректердің көмегімен «Қазақстан тарихы» еңбегінде жаңа тұжырымдамаларды қалыптастырды.

Шынымен де, Жошы Ұлысы тарихы әлі де зерттеушілердің назарында. Бұл жерде тек жаңа тұжырымдарды қайта қарау ғана емес, ғалымдардың тақырыпты зерттеуде замануи көзқарасы арқылы жаңа деректердің басы ашылады.

Бүгін де, бұл тақырып зерттеушілер арасында үлкен қызығушылық тудырып қана қоймай, даулы тақырыптардың бірі ретінде санауға болады. Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректер осы уақытқа дейін бұрмаланып келді. Отандық зерттеушілер кеңестік тұжырымнан алшақтамай, алғашқы академиялық басылымда белгілі сол дәуірдің ғалымдарының сілтеме жасаумен келді.

Information about the author:

A. Shakiyeva – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana. E-mail: aisaule_10@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9598-1486>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Абсеметов М.О. Вклад академика А.М. Панкратовой в историческую науку Казахстана // Вестник Томского государственного университета. – 2016. – №402. – С. 18-22.

Архив Президента Республики Казахстан (АПРК). Ф. 708. Оп.9. Д. 68. Л. 1-2.

Березин И.Н. Ярлык хана Золотой Орды Тохтамыша к польскому королю Ягайлу. – Казань, 1850. – С.51.

Дюсенова Н.К. Қазақстандағы XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы «ұлтшылдық» пен «космополитшылдыққа» қарсы күрес науқаны: дис. канд. ист. наук: 07.00.02 / Нурсулу Кенебаевна Дюсенова; Алматы, 2006. – С. 35.

Золотая Орда. Казахстан объявил о создании научного института по изучению Золотой Орды. – [Электронный ресурс] – URL: <https://zolord.ru/world/3091?ysclid=17bgl3cpld837098504>: (дата обращения: 01.11.2021 г.).

Ерімбетова Қ. Қалдырған ізі мәңгілік. Қазақтың тарих ғылымы. Академик Анна Панкратова (XX ғасырдың бірінші жартысы): Монография/Құндызай Ерімбетова. 1 том. – Астана: «БиКА» БП кешені, 2016. – 364 б.

Еркин А. История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до начала XX века. – Курс лекций. – Астана: Фолиант, 2000. – 188 с.

Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық. 3 том. – Алматы, 1982. – 416 б. Қазақстан тарихы. Том 2. Көне заманнан бүгінгі дейін. Бес томдық. – Байпаков К.М., Козыбаев М.К., Көмеков Б.Е., Пищулина К.А. (ред. алқасы). – Алматы: Атамұра, 1998. – 323 б.

Капаева А.Т. Наука и культура Казахстана в годы Великой Отечественной войны // Мир большого Алтая. – 2015. – №1(2). – С. 131-138.

Кушкумбаев А.К. История военного дела кочевников Золотой Орды XIII-XV вв.: автореферат дис. ... доктора исторических наук. – Алматы, 2010. – 46 с.

Мажитов С.Ф. Историк Ермухан Бекмаханов. Астана: Фолиант, 2005. С. 264. Морозов М. Об «Истории Казахской ССР» // Большевик. –1945. – № 1–12. – С.74-80. Сабитов Ж.М. Золотая Орда — «падчерица» казахстанской историографии // Молодой учёный. – № 24 (104) История. – Декабрь, 2015 г. – С. 842-851.

Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в составе Улуса Джучи в XIII–первой трети XV века. Аспекты политической истории Ак-Орды: Автореф... канд. ист. наук. – Алматы, 2003. – 28 с.

Шоинбаев Т., Айдарова Х., Якунин А. За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана // Правда. – 1950. 26 декабря.

REFERENCES:

Absemetov M.O. Vklad akademika A.M. Pankratovoi v istoricheskuyu nauku Kazahstana [Contribution of academician A.M. Pankratova to the historical science of Kazakhstan] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2016. – №402. S. 18-22. [in Russian].

Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan (APRK). F. 708. Op.9. D. 68. L. 1-2. [in Russian].

Berezin I.N. Altyn Orda hany Toqtamystyn pol'k patshasy Jagailga belgisi [The label of the Khan of the Golden Horde Tokhtamysh to the Polish King Jagail]. – Qazan, 1850. – B. 51. [in Russian].

Dyusenova N.K. Qazaqstandagy XX gasyrdyn 40-50 zhyldaryndagy «ultshyldyq» pen «kosmopolitshyldyqqa» qarsy kyres nauqany: dis. kand. ist. nauk: 07.00.02 [Campaign to combat "nationalism" and "cosmopolitanism" in Kazakhstan in the 40-50 years of the XX century: dis. Kand. East. science: 07.00.02] / Nursulu Kenebaevna Dyusenova; Almaty, 2006. – S. 35. [in Kazakh].

Erimbetova Q. Qaldyrgan izi mangilik. Qazaqtyn tarih gylymy. Akademik Anna Pankratova (XX gasyrdyn birinshi zhartyssy) [The trail he left is eternal. Kazakh historical science. Academician Anna Pankratova (first half of the XX century): Monografiya/Qundyzai Erimbetova. 1 tom. Astana: «BiKA» BP kesheni, 2016. – 364 b. [in Kazakh].

Erkin A. Istoriya gosudarstva i prava Respubliki Kazahstan s drevneishih vremen do nachala XX veka [The history of the state and law of the Republic of Kazakhstan from ancient times to the beginning of the XX century]. – Kurs lekci. – Astana: Foliant, 2000. – 188 s. [in Russian]. Qazaq SSR tarihy. Kone zamannan buginge dejin 5 tomdyq [History of the Kazakh SSR. From ancient times to the present day in 5 volumes]. 3 tom. – Almaty, 1982. – 416 b. [in Kazakh].

Qazaqstan tarihy. Tom 2. Kene zamannan bugingi dejin. Bes tomdyq [History of Kazakhstan. Volume 2. from ancient times to the present]. – Bajpakov K.M., Kozybaev M.K., Komekov B.E., Pishchulina K.A. (red. alqasy). – Almaty: Atamura, 1998. – 323 b. [in Kazakh]

Kapaeva A.T. Nauka i kul'tura Kazahstana v gody Velikoj Otechestvennoj vojny [Science and culture of Kazakhstan during the Great Patriotic War] // Mir bol'shogo Altaya. – 2015. №1(2). – S. 131-138. [in Russian].

Kushkumbaev A.K. Istoriya voennogo dela kochevnikov Zolotoi Ordy XIII-XV vv. [History of military affairs of the nomads of the Golden Horde XIII-XV]: avtoreferat dis. ... doktora istoricheskikh nauk. – Almaty, 2010. – P. 46. [in Russian].

Mazhitov S.F. Istorik Ermuhan Bekmahanov [Historian Ermukhan Bekmakhanov]. Astana: Foliant, 2005. – S. 264. [in Russian].

Morozov M. Ob «Istorii Kazahskoi SSR» [About the "History of the Kazakh SSR"] // Bol'shevik. –1945. – № 1–12. – S.74-80. [in Russian].

Sabitov Zh.M. Zolotaya Orda — «padcherica» kazahstanskoi istoriografii [The Golden Horde is the "stepdaughter" of Kazakh historiography] // Molodoi uchyonyi. – № 24 (104) Istoriya. – Dekabr', 2015 g. – S. 842-851. [in Russian].

Uskenbai K.Z. Vostochnyj Dasht-i Kypchak v sostave Ulusa Dzhuchi v XIII–pervoi treti XV veka. Aspekty politicheskoi istorii Ak-Ordy [Eastern Dasht-i Kipchak as part of the Jochi Ulus in the XIII–first third of the XV century]: Avtoref... kand. ist. nauk. – Almaty, 2003. – P. 28. [in Russian].

Shoinbaev T., Aidarova H., Yakunin A. Za marksistsko-leninskoe osveshchenie voprosov istorii Kazahstana [For Marxist-Leninist coverage of the history of Kazakhstan] // Pravda. – 1950. 26 dekabrya. [in Russian].

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРІСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ІШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Тұрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҢДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

Шакиева А.С.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

Шотанова Ғ.А., Өжкенов Е.М., Жұмаділ А.Қ.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:
АҚМОЛА Өңіріндегі далалық зерттеулер материалдары бойынша.....361

Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Б.Б. Бурханов О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....	4
А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....	15
А.Т. Капаева ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....	27

ИСТОРИЯ

У.М. Агатай ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....	41
А.А. Бекенова КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....	56
Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....	70
Р. Закарья ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ, А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....	81
Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....	98
И.В. Крупко СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ: В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....	112
А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....	126
М. Калыбекова ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	138
Д.Б. Касымова КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	151
М.М. Козыбаева	

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Куанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА

В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ

ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:

СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:

ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ

В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК

(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Kapaeva THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova

HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS:
COMMON AND PARTICULAR.....151

M.M. Kozybayeva

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE
FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....163

O. Kuanbay

KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....172

A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev

FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION
DESTINATIONS (1931 – 1933).....185

G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova

LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL
SADVOKASOV.....196

L.N. Nursultanova, A.E. Erkin

POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN
AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....206

R.E. Orazov, M.R. Satenova

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....217

N.M. Ospanov

THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF
REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....228

Zh. Oshan

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....238

S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT
OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....249

A. Smanova

SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI
UALIDI.....257

I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva

FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK
IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES
(ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....266

Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE
ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....277

H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev

COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN
UNDERGROUND PRAYER PLACES.....289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR: PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....	301
---	-----

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....	314
--	-----

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND: THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....	329
---	-----

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....	340
---	-----

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....	353
--	-----

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN SARYARKA.....	361
--	-----

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	370
---	-----

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK (PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....	384
--	-----

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....	393
--	-----

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Шевченко көш., 28,

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.